Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, шағымның шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4 - тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары www.energo.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметінің байланыс телефондары www.energo.gov.kz интернет-ресурсының " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777.

"Теңізде мұнай-газ құбырларын
салу, монтаждау немесе төсеу
жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

**Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсатты алу үшін**
**ӨТІНІШ**

(қайда) ____________________________________________________________

(уәкілетті органның толық атауы)

(кімнен) ___________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның толық атауы,

орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

____________________________________________________________________

(теңіз құрылысының, объектінің атауы (маркасы)

____________________________________________________________________

(теңіз құрылыстарын салу немесе орналастыру бойынша мұнай операцияларын жүзеге асыру

қажеттілігінің себебі мен негіздемесі)

___________________________________________________________________

______________

(жоспарланған теңіз құрылысының не осындай теңіз құрылысын салу жөніндегі жүргізілетін

жұмыстардың сипаты, мерзімі мен орналасатын жері)

___________________________________________________________________

______________

(қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі)

Ақпараттық жүйелердегі, заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Ұйымның басшысы (лауазымы) ______________ ________________________

__________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

20__жылғы "___" ____________

"Теңізде мұнай-газ құбырларын
салу, монтаждау немесе төсеу
жөніндегі жұмыстарға рұқсаттар
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

## Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау немесе төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсатты алу үшін МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Теңіз құрылысын салу мақсаты, мәні мен негізі ________________________

______________

___________________________________________________________________

_____________.

2. Келісімшарттық аумақ шегінде құрылатын теңіз құрылысының географиялық

координаталарының негіздемесі:

1) ендігі ____________________________________________________________

_;

2) ұзақтығы _________________________________________________________

.

3. Теңіз құрылысын құру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылуы болжанатын

кеме және өзге де жүзу құралдары туралы ақпарат:

1) кеме және өзге де жүзу құралдарының саны__________________________;

2) кеме және өзге де жүзу құралдарының атауы __________________________.

4. Теңіз құрылысын құруды бастау және аяқтау күні ______________________

___________________________________________________________________

_____________.

5. Теңіз құрылысын пайдалану кезінде қолданылатын байланыс құралдары

(радиотаратқыштың қуаты, жиіліктер, өзге де мәліметтер) туралы ақпарат

___________________________________________________________________

_____________.

6. Теңіз құрылысын салу немесе орналастыру кезіндегі жоспарланған іс-шаралар:

1) техникалық сумен жабдықтаудың тұйық жүйелерін, жүзгіш немесе тұрақты тазарту

құрылыстары мен құрамында мұнай бар суды және басқа да зиянды заттарды қабылдауға

арналған құралдар жасауды қоса алғанда, қоршаған ортаға ықтимал залалдың алдын алу

немесе азайту жөнінде ________________________

___________________________________________________________________

_____________;

2) теңіз құрылысында авариялық жағдайларды болдырмау және жою жөнінде

___________________________________________________________________

_____________;

3) теңізде жүзудің және ұшақ аппараттары ұшуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі,

сондай-ақ балықтар және басқа да су жануарлары мекендейтін ортаны, олардың көбею

жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырланған жерлерін сақтау жөнінде

___________________________________________________________________

_____________.

7. Теңіз құрылысын болжамды орналастыру орнының негізгі гидрологиялық және

гидрогеологиялық сипаттамалары, көтерілген суды, жіберілетін сарқынды суларды, алынатын

жерасты суларын алудың және (немесе) пайдаланудың болжанатын көлемі __
______________

______________________________________ __________________________________
______________.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 7 наурыздағы
№ 83 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
6-қосымша

## "Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты) , мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. "Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға , магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрлік (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2 - тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы жүгінген кезде құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап көрсету мерзімі:

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 30 (отыз) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызмет алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауабын береді.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия және ( немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензияны беру кезінде лицензиялық алым 10 айлық есепті көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды;

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

8. Порталдың жұмыс кестесі тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушы жұмыс уақыты

аяқталған соң, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі; өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жүгінген кезде:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлемді қоспағанда, бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

2) лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлемді қоспағанда, лицензияларды қайта ресімдеген кезде бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады;

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алым сомасын төлегені (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация ұсынған нысан бойынша ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы өзінде заңды тұлға үшін – өтініш беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы, жеке тұлға

үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) болмаған кезде өтініш беруші туралы осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" жүзеге асырылады.

Егер рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша қағаз нысанда берілсе, лицензиат өтініш арқылы оларды электрондық форматқа ауыстыруға және рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымшаның электрондық нұсқасын алуға құқылы.

10. Рұқсатты беруден бас тарту мынадай негіздер негізінде жүзеге асырылады :

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен субъектілердің осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) лицензиялық алым енгізілмегені;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алғаны;

5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болғаны;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салғаны.

## 3 - тарау. Орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымданған кезде: шағым Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8-үй, "Министрліктер үйі", 14 -кіреберіс, телефон: 8 (7172) 74-08-44, 8 (7172) 74-09-74 мекен-жайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта, "электрондық үкімет" веб-порталын емесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекен-жайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі шағымның қабылдағанын растау болып табылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымның қаралу нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жолданады немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4 - тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министріліктің www.energo.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;

2) порталда орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.energo.gov.kz интернет-ресурсының " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777.

"Мұнай және газ саласындағы
тау-кен өндірістерін (көмірсутек
шикізаты), мұнай-химия
өндірістерін жобалауға
(технологиялық) және (немесе)
пайдалануға, магистральдық газ
құбырларын, мұнай
құбырларын, мұнай өнімдері
құбырларын пайдалануға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

## Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламенттің болуы туралы ақпарат (жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық); магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызмет үшін қолданылмайды) _____________________________ (технологиялық регламенттің атауын және оның бекітілген күнін көрсету).

2. Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде өндірістік базаның ( ғимарат, үй-жайлар) болуы туралы ақпарат ___________________ (меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттарды көрсету (жер учаскелерінің, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық нөмірі;

объектілердің техникалық паспорттары; жалдау (жалға алу) шарттары, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты).

3. Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер үшін:

1) жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) үшін:

жобалау үшін пайдаланылатын лицензияланған бағдарламалық қамтылымның, арнайы техника мен жабдықтардың болуы туралы ақпарат ______ ________________________ (бағдарламалық қамтылымның атауын көрсету, қолда бар арнайы техника мен жабдықтарды атап көрсету);

2) мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіру үшін:

инженерлік құрылыстардың, тетіктердің, арнайы техника және жабдықтардың, технологиялық процесті бақылауға арналған өлшеу жабдықтарының _____________________________________ болуы туралы ақпарат (инженерлік құрылыстарды, тетіктерді, арнайы техника және жабдықтарды, технологиялық процесті бақылауға арналған өлшеу жабдықтарын атап көрсету);

3) көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстар ( кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар ) жүргізу үшін:

ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр, сейсмикалық станциялар, немесе басқа сейсмикалық барлау жабдығының болуы туралы ақпарат.

_____________________________________________ (қолда бар ұңғымалық аспаптар мен зондтар, аспаптар мен зондтардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жер үсті аппараттары, арнайы кабель, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығыр, сейсмикалық станцияны көрсету);

4) мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін:

жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензияның нөмірі және берілген күні ____________________________________________________________;

шарттың нөмірі * ________________________________________;

шартқа қол қойылған күні * _____________________________________;

лицензиясы бар ұйымның атауы_____________________________________;

перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің болуы туралы ақпарат ______ ___________________________________________________________________.

* ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар болған жағдайда, үшінші және төртінші абзацтар толтырылмайды;

5) құрлықта; теңізде; ішкі су қоймаларында көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау үшін:

бұрғылау (оның ішінде теңізде және ішкі су қоймаларында жүзетін) қондырғыларының, қашаудың, бұрғылау құбырларының, шығарындыға қарсы жабдықтардың, көтергіш агрегаттардың болуы туралы ақпарат _______________ _______ (қолда бар жабдықты көрсету);

6) кен орындарында ұңғымаларды жер астында (күрделі, ағымдағы) жөндеу үшін:

арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпарат__________ ( қолда бар жабдықты атап көрсету);

7) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру, сынаудан өткізу үшін:

көтергіш көлік құралдарының, цементтеу агрегатының, арнайы техника және жабдықтардың, тетіктер мен құралдардың болуы туралы ақпарат ____________( қолда бар жабдықтарды, тетіктер мен құралдарды атап көрсету);

8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін:

техника құралдары кешенінің, арнайы техника және жабдықтардың болуы туралы ақпарат ________________________________________________ (қолда бар құралдар мен жабдықтарды көрсету);

9) құрлықта; теңізде кен орындарында көмірсутекті шикізат төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар үшін:

теңіздегі мұнай жинау қондырғысының (скиммер), құрлықта мұнай жинауға арнайы техника және жабдықтардың, жүзуші резервуарлардың және бонолық тосқауылдардың болуы туралы ақпарат _______________________ (қолда бар құралдар мен жабдықтарды көрсету);

10) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою үшін:

құрлықта мұнай жинауға арналған техникалар мен жабдықтардың, цементтеу агрегатының және лақтыруға қарсы жабдықтардың болуы туралы ақпарат ______ _______________________________________ (қолда бар құралдар мен жабдықтарды көрсету);

11) мұнай-химия өндірістерін пайдалану үшін:

тетіктердің, технологиялық желілердің, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғыларының, шикізатты, дайын өнімдерді сақтауға арналған арнайы

жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың болуы туралы ақпарат ___________________________ (қолда бар тетіктерді, қондырғылар мен өзге жабдықтарды көрсету);

өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың аттестатының нөмірі және берілген күні ________________________________________;

аккредиттелген зертханасы бар ұйымның атауы, аттестатының нөмірі және берілген күні * ________________________________________________;

аккредиттелген зертханасы бар ұйыммен жасалған шарттың нөмірі және күні * _________________________________________________.

* төртінші және бесінші абзацтардағы ақпарат жеке меншікте зертхана болмаған кезде толтырылады;

12) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану үшін:

меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының болуы туралы ақпарат _________________________________(меншік құқығын немесе өзге де заңды негіздерді растайтын құжаттарды (жер учаскелерінің, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық нөмірі; объектілердің техникалық паспорттары; жалдау (жалға алу) шарттары, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартын көрсету);

кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпарат;

жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалар, қоршаған ортаны қорғау, заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралардың; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының); аварияларды жою жоспарының болуы туралы ақпарат ________________________________ (бекітілген бұйрықтардың нөмірлері (бар болған жағдайда) және күндерін көрсету).

4. Мыналарды:

1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

3) метрологиялық бақылауды;

4) маркшейдерлік жұмыстарды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану", " магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметтерінің кіші түріне қолданылмайды);

5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылады);

6) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды ("магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметтерінің кіші түріне таратылады);

7) қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қызметтер және жауапты тұлғалар: бұйрықтың нөмірі және күні ______________________;

қызметтің атауы және жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) _______________________________________________________;

5. Тиісті білім деңгейіне, атқаратын лауазымына және техникалық басшылар үшін – аталған салада кемінде 3 жыл, практикалық тәжірибесінің болуына, жауап беретін біліктілік құрамының (техникалық басшылар үшін – мұнай және газ саласында жоғары техникалық білім, мамандар үшін – кемінде орта арнаулы білімі) бар болуы туралы ақпарат ______________________(әрбір қызметкер бойынша ақпаратты көрсету: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), оқу орнының атауы, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, лауазымы, тиісті салада еңбек өтілі).

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 7 наурыздағы
№ 83 бұйрығына
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 ақпандағы
№ 132 бұйрығына
7-қосымша

## "Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. "Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрлік (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2 - тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы жүгінген кезде құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап көрсету мерзімі:

аккредиттеу туралы куәлігін берген (бұдан әрі – куәлік) кезде – 15 (он бес) жұмыс күні;

куәлікті қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – аккредиттеу туралы куәлік, куәлікті қайта рәсімдеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не уәкілетті өкілі; өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды расталған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) куәлікті алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша мәліметтер.

2) куәлікті қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған құжаттар көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" жүзеге асырылады.

Өтініште және мәлімет нысанында көрсетілген ақпараттардың дұрыстығына қызмет алушының өзі жауапты.

10. Рұқсатты беруден бас тарту мынадай негіздер негізінде жүзеге асырылады :

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

## 3 - тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігі) шағымданған кезде: шағым Министрлік басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8-үй, "Министрліктер үйі", 14 -кіреберіс, телефон: 8 (7172) 74-08-44, 8 (7172) 74-09-74 мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта, "электрондық үкімет" веб-порталы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі және орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның тіркелуі шағымның қабылдағанын растау болып табылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде, көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Шағымның қаралу нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жолданады немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

## 4 - тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары www.energo.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы мемлекеттік қызметті электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.energo.gov.kz интернет-ресурсының " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777.

"Газ желісі ұйымдарын
аккредиттеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

## Газ желістері ұйымдарын аккредиттеу туралы куәлікті беруге өтініш

____________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

____________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның БСН, мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу нөмірі мен күні)

____________________________________________________________________________

(газ толтыру станциясының орналасқан жері)

_____________________________ аккредиттеу туралы куәлік беруді сұрайды.

Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

1. ___________________________________

2. ___________________________________

Ұйымның басшысы (лауазымы)

________________ _____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

МО

20 __ жылғы "___" _______________

"Газ желісі ұйымдарын
аккредиттеу" мемлекеттік

көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

**Газ және газбен жабдықтау саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін газ желісі ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны**

1. Меншік құқығында немесе өзге заңды негізде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін өндірістік-техникалық базаның бар болуы _________ ____________________ (жерге жеке меншік құқығына актілерді, объектілерге техникалық паспорттарды, әділет органдарынан немесе электрондық үкімет порталынан жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауырпалықтар) және оның техникалық сипаттамасы туралы анықтамаларды, объектілерді пайдалануға беру туралы мемлекеттік комиссиялардың актілерін, жалға алу мерзімдерін көрсете отырып, жалға алу шартын көрсету) туралы ақпарат;

2. Газ толтыру станциясының бар болуы туралы ақпарат __________________ _____ (баллондардың сорғы-компрессорлық бөлімшесі, төгу-құю бөлімшесі, толтырғыш бағандар, баллон жөндеу цехы, баллондарды сақтауға арналған ашық немесе жабық түрдегі қоймалардың, жалпы көлемі кемінде 300 тонна сұйытылған мұнай газын сақтауға арналған резервуардың, су ағынды сорғылармен жарақтандырылған суы бар өртке қарсы сыйымдылықтардың және/немесу су қоймасының болуын көрсету);

3. Инженерлік құрылыстар бар болуы туралы ақпарат _________________ (төгу-құю теміржол эстакадасы, су ағынды сорғылармен жарақтандырылған суы бар өртке қарсы сыйымдылықтардың және/немесу су қоймасының болуын көрсету);

4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауды, оның ішінде: қауіпті өндірістік объектілерді және техникалық қондырғыларды өндірістік бақылауды; газ толтыру станциясын пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді; сұйытылған мұнай газын сақтау, тасу және өткізу объектілерін пайдаланудың техникалық процесін сақтауды; еңбекті, қауіпсіздік техникасын және қоршаған ортаны қорғауды; метрологиялық бақылауды; өрт қауіпсіздігін; өнеркәсіптік қауіпсіздікті; күзет қауіпсіздігін; авариялық-диспетчерлік және жөндеу өтінімдерін орындауды қамтамасыз ететін қызметтердің болуы туралы ақпарат__ ________________________(қызметтерді құру және осы қызметтер бойынша жауаптыларды тағайындау туралы бұйрықтарының күнін және нөмірін көрсету);

5. Тиісті білім беру деңгейіне жауап беретін, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша және нұсқама алудан, қайта даярлаудан, аттестаттаудан

өткен, мамандығы бойынша кемінде екі жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар мамандардың техникалық басшыларының білікті құрамының (техникалық басшылары үшін – мұнай-газ саласындағы жоғары білімі, мамандар үшін – техникалық персоналдың жалпы санының кемінде 50 %-ы және кем дегенде арнайы орта білімі) бар болуы туралы ақпарат ____________________(әрбір қызметкер бойынша ақпаратты көрсету: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), білімі бойынша мамандығы, қызметі, бұл саладағы қызметінің еңбек өтілі);

6. Қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі бекітілген бағдарламалар мен іс-шаралардың, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралардың; аварияларды жою және қаланың аварияларды жою жөніндегі қызметтерінің өзара іс-қимыл жоспарының бар болуы туралы ақпарат _____________________ (бағдарламалар мен іс-шаралардың күндерін және нөмірлерін көрсету);

7. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тіркеген қауіпті өнеркәсіп объектісінің қауіпсіздік декларациясының бар болуы туралы ақпарат _________________________ (декларацияны тіркеу күні және нөмірін көрсету);

8. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының бар болуы туралы ақпарат_____________________ (шарттың күнін және нөмірін көрсету).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК